

**Кәсіпорындарды қаржы-экономикалық сауықтыру, банкроттықтың алдын алу, дәрменсіз кәсіпорындарды тарату жөніндегі қызметті жандандыру жөніндегі шаралар туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 27 маусымдағы N 1029. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.06.24. N 695 қаулысымен.

Кәсіпорындарды меншік нысандарына қарамастан қаржы-экономикалық сауықтыру, санациялау, оналту және тарату процестерін жандандыру, қайта құрылымдау рәсімдерін жүргізу кезінде мемлекеттің мүддесін сақтауды қамтамасыз ету жөнінде бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру және тарату жөніндегі агенттік" акционерлік қоғамына (бұдан әрі - Агенттік) дәрменсіз кәсіпорындарға қатысты олардың ұйымдастыру-құқықтық нысаны мен меншік нысанына қарамастан, егер олар бюджетке және бюджеттен тыс қорларға төлемақыны, әлеуметтік сақтандыру қорларына аударымдарды, жалақы төлеуді, директивтік және өзара борыштарды республикаішілік есепке алу нәтижесі бойынша берілген несиелер жөніндегі берешектерді өтеу туралы міндеттемелерді орындамаған жағдайда, мемлекет атынан несие беруші ретінде уәкілетті өкіл болу құқығы берілсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі, Қаржы министрлігінің Салық комитеті, Салық полициясы, Сырттан қарыз алу жөніндегі комитеті Агенттікке өздерінің атынан өкіл болу үшін тиісті сенімхат б е р с і н .

2. Агенттікке мыналар тапсырылсын:

жарғылық капиталында мемлекеттің үлесі бар төлем қабілеті жоқ мемлекеттік кәсіпорындар мен шаруашылық серіктестіктерінің борыштарын қайта құрылымдау жөніндегі іс жүзіндегі шараларды әзірлеу мен жүргізу.

кәсіпорындардың қаржылық берешектері бойынша аукциондар мен биржалық саудаластық әзірлеу және өткізу;

банкроттық бойынша мамандарды - әкімгерлерді, оналтушы және конкурстық басқарушыларды даярлауды, қайта даярлау мен аттестациялауды ұйымдастыру;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Салық комитеті мен Салық полициясы алып қойған мүліктерді бюджет пен Зейнетақы қоры алдындағы берешек есебіне сату жөніндегі аукциондар ұйымдастыру (

ж а й л а с т ы р у ) .

3. Агенттікке мынадай құқық берілсін:

сотқа мемлекет атынан әкімгердің, конкурстық басқарушының  
к а н д и д а т у р а с ы н ұ с ы н у ;

жарғылық капиталында мемлекеттің үлесі 50 проценттен асатын төлем  
қабілеті жоқ мемлекеттік кәсіпорындар мен шаруашылық серіктестіктерінің  
мемлекеттік мүлкінің меншік иесі болу;

несие берушінің (несие берушілердің) жарғылық капиталында мемлекеттің  
үлесі 50 проценттен асатын төлем қабілеті жоқ мемлекеттік кәсіпорындар немесе  
шаруашылық серіктестіктеріне қатысты өтініші бойынша банкроттық туралы іс  
қозғалған жағдайда, санациялау немесе тарату туралы шешім қабылдау үшін іс  
жүргізуді тоқтату туралы ұсыныспен сотқа жүгіну;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің келісімі бойынша  
конкурстық массаның толық көлеміндегі төлем қабілеті жоқ кәсіпорындардың  
бюджет пен бюджеттен тыс қорлар алдындағы берешектерін өтеуі мүмкін  
болмаған жағдайда, көрсетілген берешектерді аукциондар мен биржалық  
саудаластықтарда сату, оларды шаруашылық серіктестіктерінің активтеріне  
өтімдеу, талаптарына орын беру туралы шешім қабылдау;

оларды төлем қабілеті жоқ және баланс құрылымы қанағаттанғысыз деп тану  
туралы шешім қабылдаған сәттен бастап борышкер кәсіпорындардың  
басшыларымен келісім-шарттар жасасу және бұзу.

4 . < \* >

**ЕСКЕРТУ. 4-тармақ күшін жойды - ҚР Үкіметінің 2001.04.28. N 581**

қ а у л ы с ы м е н .

5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің Кеңсесіне жүктелсін.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 7 ж ы л ғ ы 2 7 маусымдағы

N 1 0 2 9 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Банкроттық рәсімдерде төлем қабілеті жоқ борышкерлердің мүлкі мен  
ісін басқару жөніндегі қызметті лицензиялау туралы**

**ЕРЕЖЕ**

Бұл Ереже банкроттық рәсімдерде төлем қабілеті жоқ борышкерлердің мүлкі мен ісін басқару жөніндегі қызметті лицензиялаудың тәртібін белгілейді және лицензиялау тәртіптерінің, лицензияның қолданылу мерзімдерінің сақталуын бақылайды.

## **I. Жалпы ережелер**

1. Бұл Ереже Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (жалпы бөлім), "Банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қаңтардағы N 67-1 Заңының, "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заң күші бар Жарлығының және Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерінің негізінде әзірленеді.

2. Лицензиялау әкімгерлердің, оңалту және конкурстық басқарушылардың банкроттық рәсімдердегі ерекше мемлекеттік маңызы бар қызметіне бақылау жасауды қамтамасыз ету мақсатында жүргізіледі.

3. Лицензиялауға мынадай қызмет түрлері жатқызылады:  
тарату ісі басталғанға дейін соттың талдау кезеңіне, ал оңалту рәсімін пайдалану жағдайында - оның басталуына дейін борышкердің мүлкі мен ісін басқару жөнінде (әкімгер ретіндегі қызмет);  
оңалту рәсімін енгізу кезеңінде төлем қабілеті жоқ борышкердің мүлкі мен істерін басқару жөніндегі (оңалту басқарушысы ретіндегі қызмет);  
конкурстық істі жүзеге асыру жөніндегі (конкурстық басқарушы ретіндегі қызмет) .

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаменті (бұдан әрі - Департамент) банкроттық рәсімдерде төлем қабілеті жоқ борышкерлердің мүлкі мен ісін басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия беру жөніндегі уәкілетті орган болып табылады .

5. Лицензияны алу құқығы Қазақстан Республикасының заңдарымен және осы Ережемен бекітілген талаптарды сақтаған кезде Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары мен азаматтарына беріледі.

6. Банкроттық рәсімдерде төлем қабілеті жоқ борышкерлердің мүлкі мен ісін басқару жөніндегі қызметті әкімгер, оңалтушы немесе конкурстық басқарушы ретінде жүзеге асыруға берілетін лицензия (бұдан әрі - лицензия) уақытша болып табылады. Лицензияның қолданылу мерзімі - үш жыл.

7. Лицензияны басқа заңды немесе жеке тұлғаға беруге тыйым салынады.

8. Лицензияның қолданылу күші Қазақстан Республикасының барлық аумағына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық келісімдер күшіне енген басқа мемлекеттер аумағына да жүреді.

9. Лицензияланған қызметті тиісті лицензиясыз немесе белгіленген нормалар мен тәртіптерді бұрмалап жүзеге асыру заңда белгіленген жауапкершілікке тартылады. Мұндай қызметті жүзеге асырудан алынған табыс сот шешімімен тиісті бюджетке алынуға жатады.

## II. Лицензияны берудің шарттары

10. Лицензияны алуға үміткер жеке тұлғаға мынадай талаптар қойылады:  
 әкімгерді, оңалтушы және конкурстық басқарушыларды даярлаудың мамандандырылған курстарында оқығандығы туралы сертификаттың болуы;

банкроттық жөнінде мамандарды аттестациялау комиссиясы жүргізген аттестациялау нәтижелері бойынша біліктілік куәлігінің болуы;

жоғары заңгер немесе экономикалық білімі немесе өзге де мамандық бойынша шаруашылық құрылымдарда кемінде үш жыл басшылық қызмет стажы  
б о л у ы                                қ а ж е т .

11. Лицензия алуға үміткер заңды тұлғаға мынадай талаптар қойылады:

занды тұлға штатында Банкроттық жөнінде мамандарды аттестациялау комиссиясы өткізген аттестациялау нәтижелері бойынша біліктілік куәліктері бар кемінде екі маманның болуы. Бұл ретте бірінші басшы немесе оның орынбасарларының біреуі міндетті аттестациялауға жатады;

заңды тұлғаның кемінде бір мың есептік көрсеткіштегі өз капиталының  
б о л у ы .

12. Банкроттық рәсімінде қызметті лицензиялау кезінде Департамент өтініш иесінен оның қызметіне қатысты қосымша құжаттамалар тапсыруын талап етуге, сондай-ақ осы қызметтің заңда белгіленген ережелерінің сақталуына бақылау жасауды жүзеге асыруға құқылы.

Департамент өтініш иесінің тапсырған құжаттардағы мәліметтердің жалғандығына жауап бермейді.

13. Табыс етілген құжаттар заңдар мен осы Ереженің талаптарына сәйкес келгенде өтініш иесіне:

ə k i m ɣ e p ;

оң а л т у ш ы                      б а с қ а р у ш ы ;

конкурстық басқарушы ретінде лицензия беріледі.

Аталған лицензия туралы өтініш иесінің қалауына байланысты бір мезгілде  
немесе жекелей беріледі.

14. Лицензия белгіленген нысан бойынша ресімделеді.

Лицензияның сыртқы бетіне оның қолданылу мерзімі туралы белгімен  
м ө р т а ң б а                                      қ о й ы л а д ы .

Лицензия мен оған қоса беріліп отырған лицензиялық карточканың нысаны

есептік сериясы, нөмірі бар және баспаханалық тәсілмен шығарылған, қатаң есептегі құжаттар болып табылады.

### **III. Лицензияны алу үшін қажетті құжаттар**

15. Лицензияны алу үшін ізденуші мынадай құжаттарды тапсырады:

белгіленген нысан бойынша өтініш;  
лицензиялық алымның төленгенін куәландыратын құжаттардың (төлем тапсырмалары мен түбіртектердің көшірмелері);  
жеке тұлғалар;  
жеке басы куәлігінің ксерокөшірмесі;  
біліктілік куәлігінің көшірмесі;  
білімі туралы дипломы мен еңбек кітапшасының көшірмелері;  
заңды тұлғалар;  
заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелуі туралы куәліктің және шаруашылық жүргізуші субъектінің статкарточкасының көшірмелері;  
барлық өзгерістерімен және толықтыруларымен бірге тігілген әрі нотариус куәландырған құрылтайшы құжаттарының көшірмелері;  
қолданылып жүрген заңдарға сәйкес өз капиталының есебі және жарғылық қордың қалыптасуын растайтын қаржылық құжаттар;  
құжаттарды Департаментке табыс етер алдында бірінші басшы мен бас бухгалтер қол қойған соңғы есептік жылға және кейінгі тоқсанның аяғындағы бухгалтерлік баланстар мен баланстарға қосымшалар;  
мамандардың біліктілік куәліктерінің көшірмелері;  
мамандардың білімі туралы дипломдарының және еңбек кітапшаларының көшірмелері.

### **IV. Лицензия беру туралы өтініштерді қараудың мерзімдері**

16. Лицензия алуға құжаттарды Департамент оларды тапсырған сәтінен бастап 30 күннің ішінде қарайды. Департамент аталған мерзімнен кешіктірмей ізденушіге лицензияны беруі немесе оны беруден бас тартуды, бұл туралы бас тарту себептерін көрсетіп, ізденушіге жазбаша нысанда хабарлауы тиіс.

Құжаттар толық көлемде тапсырылмаса немесе олар осы Ереженің талаптарына сай келмеген жағдайда ізденушіге лицензия алу үшін кемшіліктерді үш айдың ішінде жою ұсынылады, содан кейін ізденушінің өтініші қайта қаралады.

### **V. Лицензия беру үшін алым**

17. Лицензия алымының мөлшері мен оны төлеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

## **VI. Лицензия беруден бас тарту және шағымдану**

18. Мынадай жағдайларда лицензия берілмейді:  
субъектілердің осы санаты үшін қызметтің белгілі бір түрін атқаруға заң актілерімен тыйым салынса немесе заңды тұлғаның құрылтайшы құжаттарында анық шектелген мақсаттарына қайшы келсе;  
осы Ереженің 15-тармағына сәйкес талап етілетін барлық құжаттар табыс етілмесе;

лицензия беруге алым енгізілмесе;  
ізденушіге қатысты, оған қызметтің осы түрімен шұғылдануға тыйым салатын соттың шешімі болса;  
ізденуші табыс еткен ақпарат қолданылып жүрген заңды бұзғанын куәландырса.

19. Лицензияны беруден бас тартқан кезде ізденушіге жазбаша түрде лицензия беру үшін тағайындалған мерзімде дәлелді жауап беріледі.

## **VII. Лицензияның күшін тоқтату, оны қайтарып алу және тоқтату**

20. Лицензия мынадай жағдайларда:  
лицензия берілген мерзімі өтіп кетсе;  
лицензия қайтарып алынса;  
лицензия берілген заңды тұлға қайта ұйымдастырылса немесе таратылса, азамат қайтыс болса күшін жояды.

21. Заңды тұлға қайта тіркелген кезде лицензия өз күшін мерзімінің соңына дейін сақтайды.

22. Мына жағдайларда лицензия қайтарып алынады:  
лицензияда жазылған талаптарды лицензиат орындамаса;  
лицензияның күші доғарылған себептер жойылмаса;  
лицензиатқа жүзеге асыруға лицензия берілген қызмет түрімен шұғылдануға сот тыйым салса;

Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында белгіленген лицензияны қайтарып алу үшін басқа да негіздемелер болғанда.

23. Лицензияның күші мынадай жағдайларда доғарылады:  
лицензияны алу үшін тапсырылған құжаттарда жазылған жалған ақпарат анықталса;

заңды тұлғаның ең аз мөлшердегі меншік капиталы осы Ережеде белгіленген талаптарға сәйкес келмесе;

осы Ереженің 29-тармағының талаптары бұзылса;  
банкроттық рәсімдерін жүзеге асыруды реттейтін заңдар бұзылса.

24. Департамент лицензияның күшін тоқтата тұрудың себебін көрсете отырып алты айға дейін тоқтата тұруға құқылы.

25. Лицензияны тоқтата тұру және қайтарып алу "Кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру және тарату жөніндегі агенттіктің" (бұдан әрі - Агенттік) ұсынысы негізінде, яки Департаменттің дербес қарауы бойынша жүргізіледі.

26. Лицензияның күші тоқтатыла тұрған жағдайда лицензиат анықталған бұрмалаушылықтарды жоюға міндетті, содан кейін лицензия арнаулы жазбаша рұқсат бойынша қайта күшіне енуі мүмкін.

Лицензия күшінің тоқтатыла тұруы туралы жазбаша ескерту алғаннан кейін лицензиаттың банкроттық жөніндегі маман ретіндегі қызметі заңсыз деп есептелінеді және де қолданылып жүрген заңдармен белгіленген жауапкершілікке тартылады.

27. Лицензия қайтарып алынатын жағдайда лицензиат ресми ескерту алғаннан кейін он күннің ішінде лицензияны қайтаруға міндетті.

28. Лицензияны беруден бас тарту немесе оны қайтарып алу туралы шешімдерге сот тәртібімен бір ай мерзімі ішінде шағымдануға болады.

## **VIII. Лицензия тәртіптерінің сақталуын бақылау және лицензиаттардың тізілімін жүргізу**

29. Лицензиат Агенттік анықтаған мерзімде, банкроттық рәсімдер кезіндегі қызметті жүзеге асыру жөніндегі жұмыс қорытындылары туралы есеп тапсыруға м і н д е т т і .

Лицензиат Агенттік талап еткен ақпаратты сұрау салуды алған сәттен он күннен кешіктірмей табыс етуге міндетті.

30. Лицензиаттар-жеке тұлғалар және лицензиаттар-заңды тұлғалардың лауазымды тұлғалары табыс еткен құжаттардағы мәліметтердің дұрыстығы үшін ж а у а п б е р е д і .

31. Агенттік лицензияның жергілікті жерлердегі қолданылу барысында тексеруді жүзеге асыруға құқылы.